

## Субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 288 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 25 маусымда № 4754 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 171 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы әкімдігінің 29.04.2019 № 171 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы, "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 9 маусымдағы № 237 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15452 тіркелген) сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Бескемпіровке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облыс әкімінің  
міндетін атқарушы

Л. Тұрлашов

Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы "  
15" маусымдағы № 288 қаулысына  
қосымша

### **Акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері**

№	Тауарлы балық өсіру өнімінің түрі	Акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) 1 (бір) килограмм өнімін өндіруге жұмсалатын азық мөлшері (килограмм)	Балық азығы үшін тиесілі субсидиялар сомасы (теңге)	Субсидияланатын көлемі (тонна)	Шығыны (%)	Субсидиялар сомасы (мың теңге)
1)	Албырт және оның буданы	1,2	360	427,7	30	55 429,8
2)	Бекіре және оның буданы	1,5	300	22,9	30	3 087,7
3)	Тұқы және оның буданы	4,0	30	148,2	30	5 335,5
Барлығы					598,8	63 853,0